

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті, Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.06.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.06.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.06.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АБЖАМАЛОВА Ж.Е. САҒИДОЛДА Г.	Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың семантикалық салыстырмалы талдауы	7
АХМЕТОВА Б.З., ТЛЕУЛЕСОВА А.Ш., ЖАЕВА Р.Р.	Производные имена как отражение языкового сознания в высказываниях на территории северного Казахстана	14
АХТАЕВА Н., СҮЛЕЙМЕНОВА Ә., САРЫБАЕВА Б.	Контекстік синоним парадигмасы	22
ӘДІЛОВ М.Е., ЕКИЖИМ., ЖИЕМБАЙ Б.С.	Алакөл атауының этимологиясы: жаңаша көзқарастар мен топонимдік талдау аспектілері	31
БАТЫРБЕКОВА К.А., АЛИМБАЕВ М.Е., МЕДЕТБЕКОВА Н.Н.	Lexico-semantic character of somatic names occurring in the written monument «Baytaratu'l-Vazih»	42
ИСЛАМА., БЕІСЕБАҒЫЕВА А.	Comparative analysis of political and diplomatic discourse	51
САРЕКЕНОВА Қ.Қ., ОСЕРОВ Б.М.	М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі және терминология мәселесі	60
ПАШАН Д.М., ХАБИЕВА А.А., ЕЛУБАЙ Ә.М.	«Нарғыз» антропонимінің семантикасы, орфографиялық нормасы және қолданылу жиілігі	67
ТӨКЕНҚЫЗЫ Г., ОМАРОВА С.Қ., КАДИРХАН А.К.	Қазіргі телебағдарламалар тілі (қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпустары негізінде)	78

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АНАНЬЕВА С.В., ИБРАЕВА Ж.Б., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Динамические и статические мотивы в повествовательной структуре романа Ильяс Есенберлина «Влюбленные»	91
ЖӨЛЕЛОВА М.С., АРСЛАН М.	Қалқаман Сарин поэзиясындағы ауылға сағыныш: поэзиядағы көркемдік өрнектер («Арқаттағы біздің үй» өлеңінің негізінде)	102
КАЖЫТАЙ Б.К.	Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілі	111
ҚАДЫЛ Т.	Мағаз Разданұлы поэзиясындағы философиялық тереңдік	120

НҰРМАХАНОВА М.Қ., МҰСАЛЫ Л.Ж., СОВЕТОВА З.С.	Белгілі сыншы Қалжан Нұрмахановтың бағалауындағы қазақ-украин әдеби байланыстары	131
СЕРАЛИМОВА С.А., БЕЙСЕНОВА Ж.С	Культурные коды в художественном переводе	140
ТЛЕУБЕКОВА Б.Т., ИБРАЕВА А.Д., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Көркемдік әдістің әдеби ағымдары мен бағыттары	151

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И
ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

ИСЕНОВА Ф.К., КАУДЫРОВА А.О., ДҮКЕМБАЙ Г.Н.	Роль рефлексии в формировании языковой личности студентов	162
ЖУМАДИЛОВА М.Н. БЕРКЕНОВА Р.А.	Өзге тілді студенттердің жазу дағдысын қалыптастырудың линводидактикалық әдістеме негіздері	173

Қ.Қ. САРЕКЕНОВА¹ *Б.М. ОСЕРОВ² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1, 2}(e-mail: sareke.kk@gmail.com¹, b.m.91@bk.ru²)

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ терминологиясына қатысты мәселелер қарастырылған. Термин сөздердің жасалуы, олардың қалыптасуына қатысты Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Нығмет Сауранбаев, Сәрсен Аманжолов, Әбдуәли Қайдар, Мәулен Балақаев, Шора Сарыбаев, Сейілбек Исаев, Өмірзақ Айтбайұлы, Шерубай Құрманбайұлы сынды тілші ғалымдардың тұжырымдары жинақталып, жүйеленген. XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері еңбектеріндегі пән сөздерінің ерекшелігі, олардың бүгінгі таңда мән-мағынасы, жасалу жолдары сараланған. Терминология лингвистиканың бір саласы ретінде қай дәуірде болмасын тілдегі өзекті мәселерді қарастырады. Қоғамдық құрылыс, қоғамдық сана, қоғамдық көзқарастың, тарихи оқиғалардың, ғылыми-техникалық дамудың тағы басқа өзгерістердің тілге әсері зор. Сондықтан термин сөздердің өзгеріске ұшпауы заңды құбылыс. Зерттеу барысында Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі пән сөздерінің өзгеру бағытын талдау арқылы қазіргі кезде өнімді қолданылып отырған немесе өнімділігі кемігендігі көрсетілді. Өлшем бірлікке қатысты сөздердің қолданылуындағы ерекшеліктер анықталды. Осы ретте Алаш қайраткерлері еңбектеріндегі термин сөздерді жинақтап, жүйелі зерттеу терминологиядағы өзекті мәселелердің бірі.

Түйін сөздер: терминология, педагогика, жылылық, тіл білімі, алаш, Мағжан Жұмабаев.

Кіріспе. Қоғамдық өмірде тіл қарым-қатынас жасаудың басты құралы ретінде ерекше орын алады. Ол үнемі даму мен өзгеріс үстінде болып, қоғамдық өзгерістермен қатар жүреді. Тіл – қоғамның көрінісі, ол арқылы біз белгілі бір тарихи кезеңдердің әсерін аңғара аламыз. Қоғам уақыт өткен сайын дамып, түрлі өзгерістерге ұшырайды, ал бұл өзгерістер тілге де ықпалын тигізбей қоймайды. Алайда тілдің қалыптасуы мен даму барысы үнемі біркелкі бола бермейді. Халық басынан өткерген тарихи кезеңдер – мысалы, төңкерістер, ашаршылық, соғыстар, тың игеру, қайта құру, тәуелсіздік алу сынды оқиғалар – тілімізде айқын із қалдырған. Бұл оқиғалардың барлығы жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуына себеп болды. Осылайша, әр кезеңде өмірге келген терминдер мен атаулар арқылы біз сол дәуірдің тарихи шындығын тануға мүмкіндік аламыз. Қоғамдағы түрлі үдерістер мен құбылыстардың тілде алғаш көрініс табатын бөлігі — терминдер.

Тілде көптеген терминдердің пайда болуы, негізінен, ғылым мен техниканың қоғам өміріне белсенді түрде енуімен тығыз байланысты. Термин дегеніміз – ғылым, техника, өнер және басқа да салаларда белгілі бір ұғымды дәл сипаттайтын сөз не сөз тіркесі. Әдетте, сөздер көп мағынаға ие болып, олардың мағынасы түрлі жағдайға байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Бірақ ғылыми ойды нақты жеткізу үшін қолданылатын сөздер бір ғана мағынада қолданылып, өзгеріссіз әрі тұрақты болуы қажет. Осы себепті белгілі бір ұғымды білдіретін сөздер бір мағынада қалыптасып, термин ретінде орнығады. Терминдер, көбіне, нақты бір саланың аясында мамандар арасында және арнайы әдебиеттерде қолданылатын кәсіби лексика түрінде кездеседі.

Терминологиялық лексиканы зерттеуде және оның қоғам үшін мәнін, маңызын анықтауда А. Реформатский, В.В. Виноградов, А.Н. Баскаков, Г.В. Степанов, Л.И. Скворцов, И.Н. Волков. М.Ш. Гасымовтың зерттеуші ғалымдардың рөлі өте ерекше болды.

Терминдер жайында қазақ тіл білімінде де біраз әңгіме қозғалды. Оның ішінде өзіндік пікір өрбіткендері де бар. Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, С. Аманжолов, Ә.Т. Қайдар, М. Балақаев, Ш.Ш. Сарыбаев, А. Әбдірахманов, С. Исаев.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада қазақ тіл біліміндегі терминология саласындағы теориялық зерттеулер мен қазіргі қазақ терминологиялық қорының деректері негізге алына отырып, қазақ терминологиясындағы дәстүрлі үдерістер мен оның қазіргі даму бағытын талдау үшін терминдерді сұрыптау, жүйелеу, морфемалық (құрылымдық) талдау, лексика-семантикалық топтау, функционалды-семантикалық талдау, сонымен қатар семантикалық, когнитивтік талдау, синхрондық және ішінара диахрондық талдау әдістері қолданылды. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі пән сөздерді жинақтап, бүгінгі қолданысы салыстыру әдісі арқылы талданды.

Талқылау мен бақылау. Термин жайында бүкіл түркітану, оның ішінде қазақ тіл білімінде, сондай-ақ орыс лингвистикасының өзінде де біркелкі пікір, тұжырым кездесе қоймайды. Оның не екенін, лексиканың қай тобына жататынын елдің бәрі білгенімен, негізгі, басты белгілерін ажыратып, тануда әрқилы түсініктер кездесіп жүр.

Ал «термин» деген ұғымының өз басына келер болсақ, әлі күнге бұл жайында бірыңғай пікір қалыптаса алмай келеді. Қабылданған көзқарас бойынша «Термин – бұл арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дефинициясы (тиісті ұғымның анықтамасы) бар сөз немесе сөздер тіркесі».

2008 жылы жарыққа шыққан Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бойынша «Термин – белгілі бір ғылым мен техника, өнер саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөз бен сөз тіркесі» деп көрсетілсе, 2019 жылғы Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде де «[поляк. Termin лат.terminus – шекаралық таңба] – ғылымда, техникада, өнерде қолданылатын, арнайы ұғымды бейнелейтін сөз немесе сөз тіркесі». Аталған сөздіктерде терминге берілген анықтамалар бір-біріне сәйкес келеді.

Термин мәселесімен тікелей айналысқан қазақ ғалымы, белгілі лингвист Құдайберген Жұбанов бұған былай орысша-қазақша анықтама береді: «Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и революционной практики, причем передаваемое термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни» [1, 15].

Академик Ісмет Кеңесбаев пен профессор Телғожа Жанұзақов та терминнің о баста латын тілінің «шек», «шекара» деген сөздерінен пайда болғанын айта келіп: «Ғылым мен техниканың, көркем өнер мен қоғам өмірінің алуан түрлі саласына байланысты қолданылатын, тұжырымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, атау сөз», - деп түйін жасайды. Қазақ Кеңес энциклопедиясында да негізінен осы типтес анықтама берілген: «Термин, атау – ғылым, техника, сол сияқты тұрмыстың белгілі саласындағы ұғымдарды дәл атау үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері».

Ғылыми әдебиеттерде кездесетін пікірлердің бәрі де, сайып келгенде, негізінен жоғарыда көрсетілген осы тұжырымдарға тоқтайды. Қорыта айтқанда, термин дегеніміз, ең алдымен, негізінен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика болып шығады.

«Термин қандай болуға тиіс?» деген сұрақ туындағанда, оған қойылатын бірқатар нақты талаптар бар. Термин алдымен өзі білдіретін ұғымның мазмұнын дәл жеткізуі қажет. Сонымен қатар, ол ықшам, қысқа әрі нақты болуы шарт. Термин бір мағынада ғана қолданылуы тиіс, яғни көпмағыналылыққа жол берілмеуі керек. Сондай-ақ жарыспалы нұсқалар мен синонимдерден таза, бірізді атау болуы маңызды. Осындай талаптар

терминология жүйесінің сапалы әрі тиімді қалыптасуына ықпал етеді. Ғалым Өмірзақ Айтбайұлы терминге қойылатын негізгі талаптар ретінде дәлдік, ықшамдық және жүйелілікті атап көрсетеді. Академик Ш.Құрманбайұлы да терминге қойылатын негізгі талаптар ретінде терминнің бірмағыналылығы, термин мағынасының дәлдігі, Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы, терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі, терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы, терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы, эстетикалық талаптарға сай келуі деп бөледі [2, 10]. Ғалымдардың термин болуға қажет талап ретінде термин мағынасының дәлдігін ерекше атап өтеді. Осыған байланысты Өмірзақ Айтбайұлы мен Шерубай Құрманбайұлының бұл талапқа берген анықтамаларын келтірсек. Өмірзақ Айтбайұлы: «Дәлдік туралы. Термин арқылы ғылыми ұғым білдіріледі. Ондай жағдайда термин ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ізденістердің негізгі құралына айналады.

Ғылыми ой-пікір қашанда өзінің анықтығымен, дәлдігімен, нақтылығымен ерекшеленуге тиіс. Термин дәл болсын дейтін талап осы негізде пайда болған. Сонда осы дәлдікті кейбір зерттеушілердің айтуына қарағанда қамтамасыз ететін үш түрлі фактор бар сияқты:

1. Термин білдіруге тиісті ұғым белгілерін дәл іріктеп алу;
2. Термин жасау кезінде пайдаланылатын оның компоненттері мен элементтерін дұрыс саралау;
3. Термин жасау барысында осы аталған элементтердің органикалық бірлігі қамтамасыз етілуге тиіс» [1, 16].

Шерубай Құрманбайұлының анықтамасы «Термин мағынасының дәлдігі. Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі. Терминологиядағы шарттылық тұрғысынан келгенде бұл талап та үнемі орындала бермеуі мүмкін. Біз термин мағынасының дәлдігі туралы сөз қозғағанда бұл талапты оның дефинициясының дәл берілуіне қатысты қойған дұрыс деп пайымдаймыз»

Нәтижелер. Қазіргі қазақ терминологиясының қалыптасу және даму үдерісі бірнеше тарихи кезеңдерден тұрады. Әр кезең еліміздің саяси, экономикалық, тарихи және мәдени салаларындағы маңызды өзгерістермен тығыз байланысты болды. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі осы өзгерістер терминологиялық лексиканың пайда болуы мен жаңаруына тікелей әсер етті.

XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясының кезеңі ерекше орынға ие. Себебі Алаш зиялылары терминологиялық қорды қазақ тілі негізінде жасап, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруды мақсат етті

Олар қазақ балалары ана тілінде білім алып, ғылымды өз тілінде игеру қажет деп санап, оған өте үлкен мән берді. Қазақ білімпаздары аталған мақсаттарына сәйкес жұмыс атқарды. Оны, ең алдымен, ғасыр басында Алаш оқығандарының қаламынан туындаған оқулықтар мен оқу құралдарынан анық көруге болады. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш»; Елдес Омарұлының «Пішіндеме», Халел Досмұхамедұлының «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», «Табиғаттану», Жүсіпбек Аймауытұлының «Психология», Жұмахан Күдериннің «Өсімдіктану», Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика», Міржақып Дулатұлының «Есеп тану» сынды оқулықтары мен оқу құралдарындағы терминдердің орта есеппен 90 пайызы қазақ тілінің төл сөздері немесе солардың негізінде жасалған жаңа атаулар болып келеді. Кірме атаулар 10-15 пайыздан аспайды. Олардың дені тіліміздің дыбыстық ерекшеліктерін ескеріп, үндестік заңын сақтай отырып өзгертіліп алынған. Осы деректің өзі Алаш оқығандарының қазақ тіліндегі термин шығармашылығына басымдық бергеніне дәлел бола алады [3, 13].

Сөз болып отырған кезеңде жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздіктер де Алаш зиялыларының терминқор қалыптастырудағы мақсаттарын айқындай түседі. Онда да біз «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Пән сөздері», «Атаулар сөздігі» сияқты қазақ тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктерді түзуде алаштықтардың ұлт тіліндегі термин шығармашылығына барынша басымдық бергенін көреміз.

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, алдымен Ахмет Байтұрсынұлының есімі ойымызға оралады. Ахмет Байтұрсынұлының бай мұрасын жай санамалап өткеннің өзінде, осынау тұлғаның өмірдегі ғажайып ерлігі мен табандылығына, туған халқына деген шексіз перзенттік сүйіспеншілігіне, асқан білімдарлығына тәнті болмай тұра алмайыз.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп)* сияқты терминдерді кездестіруге болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше рет басылып тұрған «Тіл – құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге *тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі. Бұл терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан, уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы туралы сөз болғанда Мағжан Жұмабаевтың есімін де ескерусіз қалдыра алмаймыз. Ол да өз замандастарымен қатар қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралдарын жазып, ұлт тілінде термин жасауға атсалысқан Алаш зиялыларының бірі. Мағжан Жұмабаев «Бастауыш мектепте – ана тілі», «Сауатты бол» оқулығы, «Қызыл әскер әліппесі», «Педагогика» еңбектерінің авторы. Аталған еңбектерінің ішінде терминдер негізінен «Педагогика» атты құралында көбірек кездеседі. Шерубай Құрманбайұлының «Алаш және терминтану» монографиясында Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде 300-ге жуық термин кездесетінін атап көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев терминология бойынша Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бағытты қолдады. Ғылым тілінің ұлттық сипатының басым болуын өз еңбектерінде берілген төл терминдер арқылы көрсетті.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде өлшем бірлікке қатысты қадақ, куб секілді терминдерді қолданады. Қадақ – халықтық салмақ өлшемі. Бір қадақ екі жүз грамға тең болады. Қадақ өлшем бірлігі түркі тілдес халықтарда кеңінен тараған: қырғыздарда – кадақ, түрікмендерде – гадақ, өзбектерде – гадоқ деп аталады. Қадақпен көбінесе май, қант, өрік-мейіз тәрізді заттар өлшенген. «Педагогикада» аталған қадақ өлшем бірлігімен баланың салмағы өлшенеді. «Егер де сау болса, жаңа туған баланың саламағы 8 қадақ шамасында болады. Нашар аурулы бала 6 қадақ шамасында, нағыз сау, таза бала 10-11 қадақ шамасында салмақты болады» [4, 15].

Сонымен қатар, *лық/-лік (-дық/-дік, -тық/-тік)* жұрнағының көмегімен туындаған бірнеше терминдер қатары кездеседі. Олар: бейғамдық, жылылық, құмарлық, өзімшілдік (эгоизм), көпшілдік (альтруизм), іссіздік.

Педагогикада «Жылылық. Баланың да, жеткен адамның да өлшеулі *жылылығы* (Цельсий бойынша) 37-37,5 градус болады. Бірақ, жаңа туған бала денесінің жылылығы бастапқы күндерде түрлі себептерден мынау өлшеуден 2-3 градус кем болады» [4, 16]. Бүгінгі таңда «Жылылық» терминінің орнына «Температура» сөзі қолданылады. Профессор Т. Жанұзақовтың жетекшілігімен 2008 жылы жарық көрген Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Температура» сөзіне мынадай анықтама берілген:

1. Бір нәрсенің қызулық дәрежесін білдіретін өлшем.
2. Науқас адамның көтеріңкі қызуы [5, 317].

Мағжан Жұмабаев қолданған *жылылық* термині мұнай және газ саласында температура мағынасында қолданылады. «Бұл кенорындардан өндірілген мұнай, өзінің құрамындағы парафин мөлшерінің жоғары болуына байланысты, тіпті жаз айларының өзінде де жер

бетіне көтерілісімен-ақ бірден қоюланып кетеді, олар тіпті 34 С жылылықта да қиын жылжитын қою массаға айналады. Мұндай мұнайларды мұнай құбырлары арқылы тасымалдау барысында құбыр жүйесі бойына жиі-жиі компрессорлық станциялар орнатылады, осы станцияларда мұнай қыздырылып, жасанды түрде сұйылтылып отырылады» [6, 317].

Басқа саладағы термин сөздерді жүйелейтін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қазақ тілінің ұлттық корпусының» «Терминологиялық ішкорпусында»: «Бу мен жылылық әсерлерін таңдағанда мұнаймен қаңыққан қабат қалыңдығы 6 м-ден кем болмауы тиісті екенін ескеру қажет. Қалыңдық бұдан төмен жұқарғанда мұнайды бумен айдау нәтижелі болмайды, өйткені қабаттың төбесі мен табаны арқылы жылу жоғалуы көбейеді. Қабатының жатқан тереңдігі 1200 м-ден терең болмауы керек. Бұл ұңғыма оқпанының әр 100 метрінде жылудың шамамен, 3-і жоғалуымен және құбыр тізбектерінің техникалық деңгейде мықтылығын қамтамасыз етудің қиындығына байланысты» [7, 354]. Сонымен қатар, жылылық сөзі термин ретінде емес, ізеттілік, ілтипат, мейірімділік, бауырмалдық ауыспалы мағынасында да қолданылады. «Жазушы сыртқы болмысты баяндауға құштар да, ішкі мазмұнды көрсетуден қашқақтай береді. Кейіпкерлердің сыртқы динамикалық өсуі бар да ішкі жан-дүниесі көмескі көрсетілген. Олардың психологиялық жай-күйіне, қуаныш-ренішіне, қабағындағы кірбің мен жанарындағы жылылыққа, мінез өзгешелігіне тікелей ене алмайды да, сырттай баяндаумен тоқтайды. Кейіпкердің бір сәттік мінез-құлқын, психологиялық өзгерісін беруде авторлық баяндаумен қатар, кейіпкердің ой-ағымдарын пайдаланған ұтымды тұстары да бар» [9, 126]. Жылылық сөзі адам санасында бірден жағымды ой туғызады, адамды жақсылық жасауға итермелейтіні анық. Ал, термин ретіндегі мағынасын біз осы талдау мақаламызда талдауға тырыстық. Сондықтан салалық терминдерді зерттеу қазіргі тіл біліміндегі пәнаралық байланысты күшейтуді көздейді [8, 94]. Яғни, пән сөзінің әр салада әртүрлі мәнде қолдануына көптеген факторлар әсер етеді. Оны зерттеп, зерделеу лингвистиканың өзекті мәселесі.

Қорытынды. Заман көшінен қалмай ауысып, өзгеріп тұратын терминология саласын зерделеу уақыт талабы. Жаһандану үдерісіне жұтылмау үшін ұлттық таным, ұлттық болмысты танытатын ұғымдарды күнделікті өмірде пайдалануымыз қажет. Ол үшін өткен дәуірде қолданылған пән сөздерді мағынасын, қолдану ерекшеліктерін зерделеу өзекті мәселелердің бірі. Профессор Сарқыт Әлісжан «Терминге қатысты қазіргі талқылаулар, пікірталас жаппай қоғамдық сипатқа көшті. Мамандар мен филологтар ғана емес, қоғамның кез келген мүшесі белгілі бір термин жайында өз пікірін жеткізе алады. Бұл термин қалыптасуындағы мамандардың ғана емес, жалпы бұқараның «үнін» көрсетті» [10]. Термин сөздер туралы көзқарастың әралуандығы, пікір қайшылықтарының көп болуы тіл дамуының деңгейін байқатады. Сондықтан, бүгінгі таңда мағынасы өзгерген пән сөздерінің ерекшеліктерін саралай келе жүйелі талдау жұмыстары әлі де жүргізілуі керек деген пікірдеміз.

Әдебиеттер

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ тілі білімінің терминология мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013. – 400 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар). – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 240 б.
4. Жұмабайұлы М. Шығармаларының академиялық толық жинағы Үш томдық III том. – Астана: Түркі академиясы, 2023. – 720 б.
5. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. Маташев М.М., Сейітов Н., Жолтаев Г.Ж. Мұнай және газ кәсіпшілігі геологиясының негіздері – Алматы: ҚазҰТУ, 2008. – 317 б.

7. Қартабай А.Т., Орынғожин Е.С., Есімханова А.К. Мұнай кен орындарын игеру. – Алматы: Экономика. – 2013. – 378 б.
8. Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh., Shaheen A.A., Beisenova Z.S., Mamayeva G.B., Developing an Online Kazakh-English-Russian Thesaurus of Industry-Specific Terminology // International Journal of Society Culture and Language. – 2022. – №3 10 (1) – P 83–98. DOI: <http://dx.doi.org/10.22034/ijsc.2022.543082.2465>.
9. Нұрғали Р. Қазақтың жүз романы. – Астана: Фолиант, 2004. – 456 б.
10. Әлісжан С.Қ. Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. № 4. – 2024. – Б. 44-52 <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.04>.

Қ.Қ. САРЕКЕНОВА, Б.М. ОСЕРОВ

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ТРУД М. ЖУМАБАЕВА «ПЕДАГОГИКА» И ПРОБЛЕМА ТЕРМИНОЛОГИИ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы, касающиеся казахской терминологии. Обобщены и систематизированы выводы об образовании и формировании терминов таких ученых-лингвистов, как Ахмет Байтурсынов, Кудайберген Жубанов, Ныгмет Сауранбаев, Сарсен Аманжолов, Абдуали Кайдаров, Маулен Балакаев, Шора Сарыбаев, Сеилбек Исаев, Умирзак Айтбаев, Шерубай Курманбайұлы. В трудах деятелей Алаш проанализированы особенности употребления предметных терминов, их современное значение и способы образования. Терминология как отрасль лингвистики рассматривает актуальные вопросы языка в любую эпоху. Общественное устройство, общественное сознание, общественные взгляды, исторические события, научно-технический прогресс и другие изменения оказывают значительное влияние на язык. Поэтому изменение слов-терминов – это закономерное явление. В ходе исследования было показано, какие предметные термины в работе Магжана Жумабаева «Педагогика» сегодня активно используются, а какие утратили свою продуктивность на основе анализа направлений их изменения. Выявлены особенности употребления слов, относящихся к единице измерения. Систематическое изучение терминологии в трудах деятелей Алаш является одним из актуальных вопросов терминологии.

Ключевые слова: терминология, педагогика, теплота, языкознание, алаш, Магжан Жумабаев.

K.K. SAREKENOVA, B.M. OSSEROV

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

M. ZHUMABAYEV'S WORK «PEDAGOGY» AND THE PROBLEM OF TERMINOLOGY

Abstract. The paper deals with the issues concerning Kazakh terminology. The conclusions about the origin and formation of terms of such scientists-linguists as Akhmet Baitursynov, Kudaibergen Zhubanov, Nygmet Sauranbaev, Sarsen Amanzholov, Abduali Kaidarov, Maulen Balakaev, Shora Sarybaev, Seilbek Isayev, Umirzak Aitbaev, Sherubai Kurmanbayuly are generalised and systematised. The use of subject terms, their modern meaning and ways of formation are analysed in the works of Alash leaders. As a branch of linguistics, terminology deals with current issues of language in any era. Social structure, social consciousness, public attitudes, historical events, scientific and technological progress and other changes have a significant impact on language. Therefore, the change of terms is a natural phenomenon. The study showed which subject terms in Magzhan Zhumabayev's work "Pedagogy" are actively used today, and which ones have lost their productivity based on analysing the directions of their change. The peculiarities of the use of words related to the unit of measurement are revealed. Thus, the systematic study of terminology in the works of Alash leaders is one of the topical issues of terminology.

Key words: terminology, pedagogy, warmth, linguistics, Alash, Magzhan Zhumabayev.

Reference

1. Aitbaiuly O. Kazak til biliminin terminologia maseleleri. – Almaty: Abzal-ai, 2013. – 400 b.
2. Kurmanbaiuly Sh. Terminkor kalypastyru kozderi men terminzhasam tasilderi. – Almaty: Sozdik-Slovar, 2005. – 240 b.
3. Kurmanbaiuly Sh. Alash zhane termintanu (XX gasyr basyndagy kazak terminologiasy. 1910-1930 zhyldar). – Almaty: El-shezhire, 2008. – 240 b.
4. Zhumabaiuly M. Shygarmalarynyn akademialyq tolyk zhinagy Ush tomdyk III tom. – Astana: Turki akademiasy, 2023. – 720 b.
5. Zhanuzakov T. Kazak tilinin tusindirme sozdigi. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 968 b.
6. Matashev M.M., Seitov N., Zholtaev G.Zh. Munai zhane gaz kasipshiligi geologiasynyn negizderi – Almaty: KazUTU, 2008. – 317 b.
7. Kartabai A.T., Oryngozhin E.S., Esimkhanova A.K. Munai ken oryndaryn igeru. – Almaty: Ekonomika. – 2013. – 378 b.
8. Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh., Shaheen A.A., Beisenova Z.S., Mamayeva G.B., Developing an Online Kazakh-English-Russian Thesaurus of Industry-Specific Terminology // International Journal of Society Culture and Language. – 2022. – №3 10 (1) – P 83–98. DOI: <http://dx.doi.org/10.22034/ijsc.2022.543082.2465>.
9. Nurgali R. Kazaktyn zhuz romany. – Astana: Foliant, 2004. – 456 b.
10. Aliszhan S.K. Termin kalypastyrudyn ozekti maseleleri // Eurazia gumanitarlyq institutynyn habarshysy. № 4. – 2024. – B. 44-52 DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.04>.

Авторлар туралы мәлімет:

Сарекенова Қарлығаш Құрманғалиқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Сарекенова Қарлығаш Құрманғалиқызы – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Sarekenova Karlygash Kyrmangalikyzy – Candidate of Philological Sciences, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Осеров Бауыржан Маратулы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Осеров Бауыржан Маратулы – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Osserov Bauyrzhan Maratuly – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.